

ПӘН	Физика	СЫНЫП	8 ^б
ТАҚЫРЫБЫ	Жылулық қозғалыс. Броундық қозғалыс. Диффузия.		

МАҚСАТЫ	Жылу құбылыстары туралы ойларын дамыту; МКТ-ның негізгі қағидалары негізінде жүзеге асатын жылулық қозғалыс, диффузия туралы білімдерін кеңейту, заттың күйлерімен таныстыру. Топтық жұмыс арқылы ынтымақтастыққа, өз ойларын еркін, толық жеткізе білуге тәрбиелеу.
МІНДЕТІ	МКТ-ның негізгі қағидаларын түсіндіру. Жылу құбылыстарын күнделікті өмірмен байланыстыра алууды үйрету.
КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕСІ	- МКТ-ның негізгі қағидалары негізінде заттың құрылысын біледі; оның негізінде жүзеге асатын жылулық, Броундық қозғалыстар мен диффузия құбылысын түсінеді; - Білімдерін күнделікті өмірмен байланыстыра алады.

САБАҚТЫҢ ӨТУ БАРЫСЫ

Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті (жұмыс түрі, орындалуы, уақыты)	Тапсырма мазмұны	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру бөлімі	-Амандасу -Оқушыларды түгелдеу - Топқа бөлу. -Назарларын сабаққа аудару. Бейнеролик арқылы сюжет көрсету.	Балалар заттар неден тұрады? Ендеше сіздер атомсындар. «Қандай құбылыс? Ненің өзгеруіне байланысты жүреді?»	Амандасады. Оқу құралдарын жинақтап, назарларын сабаққа аударады. Дөңгеленіп тұрады. Атомдар молекулалар. Оқушылар өз ойларын айтады. Жылу құбылыстары. Температураның өзгеруіне байланысты өтеді.		«Тепловые явления» электрондық оқулық.
Негізгі бөлім.	Тақырыпқа сай ақпарат жазылған бет таратылады. INSERT әдісіне негізделген тапсырмалар.	1. Молекула, атом. 2. Молекуланың негізгі қасиеттері. 3. МКТ-ның негізгі қағидалары. 4. Жалпы жүйенің массасы. 5. Зат мөлшері. 6. Заттың күйлері.	Мәтінді оқып, V – “білемін”, ? - “мен үшін түсініксіз” + - “мен үшін жаңа ақпарат”, * – “мені таң қалдырады” белгілерін қойып отырады.		Ресурс, интер.тақта
	Топтастыру.		1-топ. Молекулалардың қасиеттері, МКТ-ның негізгі қағидалары. 2-топ. Жылулық қозғалыс. Броундық қозғалыс. 3-топ. Диффузия құбылысы.	Белсенділігі, ойының нақтылығы, тұжырымдылығы, топтағы ынтымақтасты	Флипчарт, маркер

			4-топ. Заттың агрегаттық күйлері.	қ деңгейі.	
	Қорғау. Қосымша сұрақ қоямын. Қосымша мәлімет беремін.	Заттың күйлері тақырыбына қосымша 4-ші күйі – плазма болытындығын айту.	Оқушылар берілген тапсырмаларын орындап, бір оқушы қорғайды. Қосымша сұрақтарға жауап беру. Тыңдайды, сұрақ қояды, пікір алмасады.	Оқушы белсенділігі, білімі, қолдана білуі, ойын толық айта білуі	Флипчарт, электрондық оқулық
Бекіту.	Оқушылардың жауаптарын тыңдау, дұрыс мәліметтерді беру.	<p>Тапсырма №1. -Алюминий қасық ағаш үстелдің үстінде жатыр. -Пластмасса стақанына мандарин соғын құйды. -Бала пластилиннен піл құрастырды. -Жоба жасау үшін скульптурлар глинаны пайдаланды. -Ағаштан жасалған үстелде хрусталь құмырасы тұр. -Балалар қардан қорған жасады. -Қағаз кемесі суда жүзіп барады. -Қаймақ мен секердің балмұздақ жасалынды. -Пластмасса қасығы дәрілері бар қораптан табылды. -Былғары сөмкесінің іші ағаштан жасалған қағаздар мен бұйымдарға толы болды</p> <p>Тапсырма №2. Төменде көрсетілген денелерді құрайтын заттар қандай күйде болады</p> <p>Тапсырма №3. Төменде физикалық шамалардың ішінен макро және микропараметрлерді көрсетініз: -Жердің қозғалыс жылдамдығы; -электрон заряды; -цилиндр диаметрі; -атом массасы; -бір кесе сабынның массасы; -дененің температурасы; -атмосфералық қысым; -сабын көпіршігінің қлыңдығы; -молекуланың диаметрі; -молекула массасы.</p> <p>Тапсырма №4 Химиялық элементтің салыстырмалы атомдық массасын көрсет.</p> <p>Тапсырма №5 Егер молекула диаметрі 25 см доп өлшеміне дейін үлкейетін болса, доп қанша есе үлкейеді.</p>	<p>1/ Заттың астын бір сызықпен, дененің астын екі сызықпен сызып көрсетеді.</p> <p>2/ кесте толтырады.</p> <p>3/ «+» не «-» таңбаларын қояды.</p> <p>4/кесте толтырады</p> <p>5/ есептеп шығарады</p>	Оқушылардың білімі, жаңа тақырыпты меңгергендігі, математикалық есептеулері, логикалық ойлаулары	Карточкалар, Флипчарт арқылы тексеру
Бағалау.	1. Бағалау критериін әр		1. Өздерінің білім деңгейлеріне	Жалпы сабақ	Бағалау парағы

	оқушыға беру. 2. Бағалау парағын әр топтан бір оқушыға ұсыну.		балл қояды. 2. Топ мүшелерінің білімдерін бағалайды.	бойынша алған білімдері	
Қорытынды.	Сабакты қорытындылау.	Ү/т. Жылулық қозғалысқа бір жуан, бір жіңішке сұрақтар дайындап келу. Ішкі энергия. Ішкі энергияны өзгертудің тәсілдері	Рефлексияларын жазады.		Стикерлер, сурет
Рефлексиялық ой:					